

Рысберген Қыздархан Құрмашқызы ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЯСИ КАРТАДАҒЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛАТЫНГРАФИКАЛЫ ӘЛІПБИІНДЕ ӘЗІРЛЕУ МӘСЕЛЕСІ	270
Салтақова Жанат , Әлбеков Тоқтар ШЕЖІРЕ ЖЫРЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	274
Сәрсек Нәзира Әбдіманапқызы ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ТӨРТ ТҮЛІК АТАУЛАРЫ МЕН ОЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҰҒЫМДАР	279
Sarsenova Zhuldyz Bekzhanovna, Shevyakova Tatiyana Vasiliyevna THE REPRESENTATION OF BRITISH NATIONAL IDENTITY AS AN EXPRESSION OF HISTORY AND CULTURE OF THE UK	283
Сейітбекова Айнұр Аташбекқызы ЖАҢА ГРАФИКАМЕН АРАБ, ПАРСЫ ЖАРЫСПАЛЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІ ОРФОГРАФИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ	288
Сейітбекова Айнұр Аташбекқызы КИРИЛЛ ЖӘНЕ ЛАТЫН ГРАФИКАЛАРЫНДА АРАБ, ПАРСЫ СӨЗДЕРІН ЛЕКСИКОГРАФИЯЛАУДАҒЫ СӨЗДІК МАҚАЛАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	293
Табылдиева Нағима Мұратқызы БІЛІМГЕРДІҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ШЫҒАРМАЛАР МЕН ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	297
Хамзина Карлыгаш Мауеновна, Калыбекова Каламқас Сагиндыковна АДАМ КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ	302
Шайжанова Меруерт Маратовна, Есжанова Гульчат Қуанышовна ИНТЕРНАЦИОНАЛЬНАЯ И ПСЕВДОИНТЕРНАЦИОНАЛЬНАЯ ЛЕКСИКА: ОСНОВНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА, СПОСОБЫ ПЕРЕВОДА.....	307
Шормақова Арайлым Ботанқызы КӨРКЕМ ДИСКУРСАҒЫ КОНЦЕПТИЛЕРДІҢ КӨРІНІСІ (Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ «БІР ШОҚ ЖИДЕ» ПОВЕСІ БОЙЫНША).....	311
ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PSYCHOLOGICAL SCIENCE	
Мусина Гулмира Мерлатовна ТҰЛҒАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	315
ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ – НАУКА ОБ ИСКУССТВЕ – ART SCIENCE	
Әннәс Бағдат, Сағатқызы Елігай ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ КИНОСЫ: ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ДӘСТҮРДІҢ КӨРІНІС ТАБУ СИПАТЫ.....	319
Бегалинова Гүлнар Абдрахманқызы, Махамбетов Бауыржан Нұржанұлы XX-XXI ҒАСЫРДЫҢ ТОҒЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭСТРАДАЛЫҚ-ДЖАЗ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫ	325
Ембергенова Динара Алиевна, Ахмедова Айжан Тимуровна ВЛИЯНИЕ КУЛЬТУРНОЙ ДИНАМИКИ НА ПРОЦЕСС ВИЗУАЛИЗАЦИИ ИДЕОЛОГИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ	330
Кульмаметова Ажар Равильевна ОРТЕПИАННЫЙ ДУЭТ В КАЗАХСКОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЕ – ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ.....	335
Нусупова Айзада Сайфуллаевна ПРЕТВОРЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ТРАДИЦИЙ В ЖАНРЕ СИМФОНИЧЕСКОЙ КАРТИНЫ КАЗАХСТАНСКИХ КОМПОЗИТОРОВ	341
Рыскулов Қуаныш Токтарбаевич, Жугунусов Рустем Ербулатович О ПОЭТИЧЕСКОМ ТЕКСТЕ КАНТАТЫ СЫДЫКА МУХАМЕДЖАНОВА «ВРЕМЕНА ГОДА»	

УДК 372.881.111.1

Табылдиева Нағима Мұратқызы
2 курс магистранты
ҚазҰҚПУ

Ғылыми жетекшісі: Садыкова Роза Каримовна
Фил. ғыл. канд.
Алматы, Қазақстан

БІЛІМГЕРДІҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ШЫҒАРМАЛАР МЕН ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Түйін. Жоғары оқу орны шеңберінде өткізілетін шет тілі сабақтарында да жаңа сөздерді меңгеру оқытушымен бірлесе отырып жүзеге асырылатыны да белгілі, дегенмен уақыт бойынша шектеулі сабақ барысында әрбір студентке жеке-жеке сөздік қорының кеңейіне назар аудару мүмкін емес мәселе. Егер білім алушылар меңгеріп жатқан шет тілі бойынша сөздік қоры аз болған жағдайда оқытушының сапалы өткізген сабақтары студенттердің тілдік құзыреттілігінің дәрежесі төмен деңгейде қала береді. Шет тілі сабағында білім алушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру сөз жасау дағдысын қалыптастыруға бағытталған жаттығулардың көмегімен жүзеге асырудың мүмкіндіктері зор.

Мақалада шет тілі сабағында білімгердің тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда көркем шығарма туындылары мен публицистикалық мәтіндерді пайдаланудың жолдары мен мүмкіндіктері қарастырылған.

Түйінді сөздер: құзыреттілік, тілдік құзыреттілік, шет тілі сабағы, көп тілді тұлға, реформалау, тәсілдер.

Резюме. Как известно, изучение новых слов и на уроках иностранного языка, проводимых в рамках вуза, осуществляется совместно с преподавателем, но во время ограниченных занятий по времени невозможно обратить внимание на расширение индивидуального словарного запаса для каждого студента. В случае, если обучающийся имеет небольшой словарный запас по изучаемому иностранному языку, качественные уроки преподавателя остаются на низком уровне уровня языковой компетентности студентов. Формирование языковой компетентности обучающихся на уроках иностранного языка имеет большие возможности осуществлять с помощью упражнений, направленных на формирование навыков произношения.

В статье рассмотрены пути и возможности использования художественных произведений и публицистических текстов в формировании языковой компетентности студентов на уроках иностранного языка.

Ключевые слова: компетентность, языковая компетентность, урок иностранного языка, полиязычная личность, реформирование, подходы.

Summary. As you know, the study of new words in foreign language classes held within the University is carried out jointly with the teacher, but during limited classes it is impossible to pay attention to the expansion of individual vocabulary for each student. If the student has a small vocabulary for the foreign language being studied, the teacher's quality lessons remain at a low level of the students' language competence. The formation of language competence of students in foreign language lessons has great opportunities to carry out with the help of exercises aimed at the formation of pronunciation skills.

The article considers the ways and possibilities of using artistic works and journalistic texts in the formation of students' language competence in foreign language lessons

Keywords: competence, language competence, foreign language lesson, multilingual personality, reformation, approaches.

Соңғы жылдары елімізде жүріп жатқан білім беру саласын гуманизациялау және құзыреттілік қатынас білімгерлердің жалпы адамзаттық, жалпы мәдени, адамгершілік, этикалық және эстетикалық сапаларының қалыптасуына әсер етері сөзсіз. Ең бастысы құзыреттілік қатынас білімгерлердің, яғни болашақ маманның кәсіби жетілуіне

Қазақстандағы жоғары білім беру саласында бірқатар реформалаудың нәтижелерін бастан кешірді. Олардың қатарына Қазақстанның Еуропалық білім кеңістігіне енуі, Болон Декларациясына қосылуы, адами ресурстарды дамыту еліміздің 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарындағы басымдықтардың бірі ретінде ай-

ЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ • НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА • SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN

руді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы-осы аталғандар еліміздегі білім беру саласындағы «жаңашылдықтардың» өз деңгейінде жүзеге асырылуын қамтамасыз етуін көздейді.

Жаңашылдықтар және түрлі салалардағы өзгерістер заманында шет тілін оқыту әдістемесіне қатысты қазіргі заманғы тілдік білім беру мәселелеріне «құзыреттілік» тұрғыдан қайта қарастыру, тілдік құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту, заманауи информациялық коммуникациялық технологияларды өз болашақ кәсіби өзгерістерге бейімделе алуы – осы аталғандардың барлығы ХХІ ғасыр маманының алдында тұрған күрделі, әрі қиын мәселелер.

Шет тілін оқытудың басты мақсаты – шет тілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру болса, коммуникативті құзыреттіліктің басты компоненті – тілдік құзыреттілік. Тілдік құзыреттілікті әрқашан коммуникативті құзыреттілік, шет тілінің коммуникативті құзыреттілігімен біріктіріп келеді. Тілдік құзыреттілік ұғымына қатысты теориялық шектеулерді ажырату арқылы тілдік құзыреттілікке ғана қатысты дифференциалды белгілерді ашып, анықтап, тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың жолдары мен тәсілдерін айқындап алудың маңыздылығымен анықталса керек.

Жалпы адамзаттың тілдік құзыреттілігіне адамның тілдік бірліктерді сұхбаттасушыға немесе диалог жағдайына сәйкестендіре отырып таңдай білуі және де естіген пікірді дұрыс түсіне алу қабілеттері кіреді. Осы жердегі дұрыс түсіне алу қабілеті немесе интерпретациялау ұғымының астарында мағлұматтың мәтін астындағы мағынасын, метафораларды ұғына алуы, символдарды байқау икемділіктерін айтамыз.

Соңғы жылдардағы «көп тілді тұлғаны» қалыптастыру, көп тілде білім алудың мүмкіндіктерін жасау іспеттес мемлекеттік білім беру саясаты да шет тілін оқытудың әдістемесіне жан-жақты қарастыруды көздейді. Жоғары оқу орындарындағы шет тілін оқыту мазмұны да күн сайын өзгеріп келеді. ЖОО шет тілін оқыту студенттің жеке-тұлғалық потенциалын ашуға бағытталған және өзіне келесідей мақсаттарды біріктірген:

- 1) студенттің немесе білім алушының коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту;
- 2) тұлға қалыптастырушы міндеттерді жүзеге асыру (тәрбиелеу, оқыту, дамыту);
- 3) кәсіби-бағыттылық.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін коммуникативті құзыреттілік, оның ішінде тілдік құзыреттіліктің қалыптасуына әдістеме саласындағы қазіргі заманауи өзгерістер заманында өзекті, әрі мүмкіндігі мол мәселеге де айналуға. Дегенмен, ғылым мен техника қарқындап дамып

бірқатар өзгерістерге ұшырағанын айта кетік. Дәстүрлі әдістеме үлгілеріндегідей студенттердің өз бетінше оқылым процесін жүзеге қиындауда. Ия, оқылымға берілетін мәтін үлгілерінің түрлері де көбейді, мысалы: жарнама мәтіні, әлеуметтік желілерден және ғаламтор желілерінен алынған мәтіндер, публицистикалық сипаттағы мәтіндер. Дегенмен, студенттің тілдік қорының дамуына әсер ететін, шет тілі сөздерін ұғынуға түрткі болатындай көркем туынды мәтіндерін өз бетінше оқу жоққа шығуда десек қателеспейміз. Бұл дегеніміз, бір жағынан оқылым процесін жақсартуға жан-жақты мүмкіндіктер ашылуында, екінші жағынан дәл тілдік құзыреттіліктің (тілдік ортаның) қалыптасуына тікелей әсер ететін әдеби көркем туындылардың оқылмауында. Осындай қарама-қайшылықтарды шешу біздің тақырыбымыздың өзектілігін анықтайды.

«Құзыреттілік» пен «құзырлылық» ұғымдарын зерттеушілер: Д. Н. Кулибаева, С.С. Құнанбаева, В.В. Шаповал, В.С. Безрукова, М.А. Чошанов.

Тілдік грамматика туралы туа біткен ұғым концепциясын зерттеушілер: Н. Хомский, В. фон Гумбольдт, Л. Вайсгербер, Э. Сепир, Б. М. Гаспаров.

Тілдік құзыреттілік оқыту барысында қалыптасатын әлеуметтік факторларға тәуелді концепциясын зерттеушілер: Н. Хаймс, Дж. Ван Эк, М. Канал, Р. Белл, Л. Бахман, М. Свейн, К. Кин, С. Савиньон, Дж. Манбай, Х. Видовсон, Р. Клиффорд, А.А. Потенбя.

тілдің жүйесі туралы ілімді (Е. Д. Божович (2013), Е. М. Шульгина (2014);

тілдік код, тілдің нормалары мен ережелерін интуициялық тұғыдан меңгеруді (М. Н. Вятютнев (1975), Э. Мовсесян (1982), Я. Б. Емельянова (2010), Т. П. Оглуздина (2011), Н. С. Кузнецова (2010), М. К. Кабардов (1996), В. А. Пищальникова (2004);

тілді меңгеру өлшемі (Г. Ю. Богданович, 2001);

тілдің «дұрыстығы» (А. К. Григорьева, 2005);

тілді «шынайы» түрде білу (И. Н. Горелов, 1987);

ойдағы сөздерді вербалды (сөйлеу арқылы) жеткізу алуы (Е. В. Яковченко, 2003).

Шет тілі сабағында оқылым арқылы студенттердің тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің әдістемелік жақтарын зерттеушілер: М.Н. Вятютнев, А.А. Миролубов, А.Н. Щукин, Е.И. Пассов, Р. Гальперина, К.А. Долинина, Г.А. Золотовой, С.Г. Ильенко, С.К.Фоломкина, Н.Ф.Коряковцева.

Шет тілі сабақтарында оқылым арқылы тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың когнитивті тұстарын зерттеушілер С.Ю. Богданова, Б.М. Гаспаров, А.В. Кравченко, Профурнин Б.М., Щукин А.Н.

Шет тілі саласында тілдік құзыреттілікті қа-

да айтылғандардан көз жеткізе алдық. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай шет тілі тілдік ортадан тыс жерде үйретіледі, кейін оқытылатын тіл иелерімен қарым-қатынасқа түсудің мүмкіндігі болмауы да мүмкін. Десек те, көптеген ондаған жылдар бойы Кеңестер Одағында, кейіннен Қазақстанда да шет тілін оқытуда білім алушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру шаралары біршама табыстармен жүзеге асырылып келеді. Аудиобасылымдар мен видеобасылымдар жеткіліксіз кездерде де шет тілі саласында тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық шаралары ұйымдастырылған.

1. Шет тілі бойынша оқулықтарда әрқашан көп көлемдегі жаттығулар берілген, нәтижесінде білім алушылар модел бойынша сөз құрау, мәтінді өз тілінен шет тіліне және керісінше түрде аудару жұмыстарын жүргізу арқылы тілдік ортаны құру шаралары жасалып отырды. Оқytудың осы іспеттес түрлері және нәтижесіндегі білім алушылардың шет тілін меңгеру дәрежесі таң қаларлықтай көрсеткіштерді көрсетті де. Грамматика мен орфография ережелерін жетік меңгерумен бір қатарда шет тіліндегі мәтіннің тікелей және астарлы мағынасын түсінуімен анықталатын тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы құпиялылық неден еді? Тілдік орта болмаған сәттегі шет тілі саласында тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы басты ролді жыл бойы оқылымға берілетін көркем шығарма туындылары ойнайды. Шет тілі сабағында оқылымға ұсынылатын көркем туындылардан үзінді, газет-журнал мәтіні, мақалалар барлығы да шет тілі бойынша тілдік құзыреттіліктің қалыптастыруына үлкен түрткі болары белгілі болса да осы аталғандардың ішіндегі көркем шығарма туындыларының орны ерекшеліуеу. Өйткені, ғылыми мақалалар, газет-журналдан алынған үзінділерді оқыту арқылы тек шет тілінен сөздік қорды (саяси, ғылыми бағытта ғана) молайтып, жаңа сөздердің қосылуына септігін тигізсе, көркем туындылар шет тіліндегі сөздердің тура, жанама мағынасын, метафорасын, астарлы мағынасын ұғынуға көмектеседі [А. И. Минина. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ // Вестник ИГЛУ, 2013– № 2(2). – С. 236-241.].

Көркем шығармаларды қолдану арқылы тілдік ортаны құрастыру өзгеше нәтижелерге қол жеткізеді. Дж. Оруэлл бойынша көркем шығармалар арқылы білім алушы метафоралар мен сөздердің мағынасын ұғынып қана қоймай, проза мен поэзияны оқуда әлемнің картанасымен танысады, студент өзінің қоршаған әлем туралы түсініктерін сол көркем шығарма авторының түсініктерімен салыстырады, ең бастысы студент шет тіліндегі сөздің лексикалық-грамматикалық құрылымы, сөзжасам, шет тілі мен ана тіліндегі әмбебап сәйкес келетін пікірді айта алуы нәтижесінде тілдік құзыреттілігі қалыптасады. Осы

өз оқығандарымның бөлшегі болып табыламын» деген пікірі дәлел бола алады.

Жоғары мектептерде, оқу орындарында шет тілі сабақтарында көркем туындыларды немесе туындылардан үзінділерді тек сабақ барысында қысқаша үлгіде ғана оқылымға беретіні таң қаларлық құбылыс. Көркем шығарма туындылары сол шет тіліндегі белгісіз, құпиялы болған әлемнің суретін студенттерге ашып көрсетуі белгілі болса да, көркем шығарма туындылары студенттің сөздік қорының молаюына септігін тигізері белгілі болса да, туындалар шет тіліндегі сөздің жасалуын, сөздің құрылымын ажырата алуына көмектесері белгілі болса көп жағдайда көркем туындыларды тек сабақ барысында қысқаша үзінді түрінде білім алушыларға ұсынылады, дәстүрлі (бұрыңғы) білім беру негізіндегідей «үйге оқуға» берілмейтіні анықталды және бұл өте өкінішті жәйт. Өйткені білім алушы публицистикалық, бұқаралық-медиялық құралдары арқылы шет тілінен коммуникация жасалса, дұрыс бұл да шет тілін меңгеруіне ықпал етері анық, бірақ студенттің тілдік құзыреттілігі шектеулі штамптар арқылы негізделеді.

2. Әдістемелік тұрғыдан қарастыратын болсақ оқылым түрлі дағдылар мен ойлау процестерін өзіне біріктіреді. Шет тілі бойынша практика сабақтарында экстенсивті оқылымның маңыздылығы бұрыннан белгілі, өйткені оқылымның дәл осы түрі түрлі тілдік тәжірибеге қол жеткізеді, ал біздің жағдайымызда, яғни тілдік ортаны құруда мүмкіндіктеріміз шектеулі екендігін жоғарыда айтқан болатынбыз. Интенсивті оқылымға қарағанда тілдік құзыреттіліктің қалыптасуына көптеген жол ашатын экстенсивті оқылымның жойылып бара жатуы қазақстандық жоғары және арнаулы оқу орындарында шет тілін меңгерудегі үлкен кемшілік екені байқалады. Жоғары оқу орындарында оқытылатын шет тілінде классиктердің, қазіргі заман жазушыларының шығармаларын оқытылмауы «Лингвистика және халықаралық коммуникация» бағыты бойынша аудармашылар, шет тілі оқытушылары дайындалса, осы мамандықтарда оқытылатын шет тілі бойынша әдебиеттер оқу пәндерінің құрамына аз мөлшерде кіргізілген. Бір сөзбен айтқанда оқу пәндерінің арасында шетел классиктерінің, жазушылардың көркем туындылары оқылымға берілмейтіндігі байқалады [Карлсон, Ф. Ранняя генеративная лингвистика и эмпирическая методология / Ф. Карлсон // Когнитивные категории в синтаксисе: кол. монография. – Иркутск: ИГЛУ, 2009. – С. 215-247.].

Ғылым мен техниканың дамуымен барлық адамдармен бір қатарда білім алушылар да кітап алып, көркем шығармаларды оқуға қызығушылық жойылып барады. Бірақ шет тілі бойынша студенттердің тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың бірден бір жолы осы классикалық

рын (шығармаларын) оқылым арқылы сөздердің мағынасын жете түсінуінде. Шынында да шет тіліндегі түсінбейтін сөздерді немесе таныс емес сөздерді планшет арқылы сөздіктерден тауып, ұғынып алудың мүмкіндігі көп, дегенмен сөздердің мағынасын сөйлеммен байланыстырып көркем шығарманы оқу арқылы ұғынудың, әрі осы сәтте студенттердің ойлау қабілеттерін қоса дамытудың жолы бөлек.

1. А.В. Кравченко бойынша тілдік құзыреттілікті қалыптастыру үшін «әсіресе шет тілі бойынша тілдік ортаны құруда білім алушылардың ойлау қабілетінің сол шет тіліндегі ортаға бейімделуі жүзеге асырылуы қажет». Сонымен бірге дәл осы ғалым келесідей тұжырымдама жасайды, біріншіден, тілдік орта әр-түрлілігімен ерекшеленсе, екіншіден, тілдік орта әрбір сәт сайын күрделенуі керек. Нәтижесінде тілдік құзыреттілік өсуін жалғастыра береді. А. Кравченконың «тілдік ортаға» қойылатын талаптары экстенсивті оқылымға қойылатын әдіснамалық талаптарға дәл сәйкес келеді, ол бойынша көркем шығарманың күрделілік деңгейі студенттегі бар тілдік деңгейден біршама жоғары болуы талап етіледі. Осылайша, шет тілін күнделікті қарым-қатынас арқылы меңгерудің мүмкіндігі болмаған жағдайда көркем шығармаларды оқылым арқылы шет тілін оқытудың оңтайлы нәтижелерін алу жолы ашылады [Кравченко, А.В. Когнитивный горизонт языкознания / А.В. Кравченко. – Иркутск: Изд-во БГУЭП, 2008.].

Газет-журнал мәтіндерін оқудағы басты оқу формасына іштей оқу жатады. КСРО заманында, қазірде көптеген шет тілі әдіскерлері мақала мен публицистикалық шығармаларды сабақ барысында оқытуда бір семинар сабақтарында студентті тақтаға шығарып, дауыстап оқытады, қалған студенттер тыңдап отыруы керек болатын. Бірақ, қазіргі заманғы шет тілін оқыту әдістемесінің мамандары, әдіскерлер мақала мен публицистикалық шығармаларды оқытуда студенттің іштей оқу формасының тиімділіктері мен көптеген артықшылықтарын атауда. Мақала мен публицистикалық шығармаларды дауыстап оқу тек тілдің графикалық жүйесін меңгеруде ғана қажетті, бұл ЖОО емес, мектеп қабырғасында ұйымдастырылатын процесс. Бірақ мақала мен публицистикалық шығармаларды оқуда дауыстап оқу формасын мүлдем жоққа шығаруға да болмайды.

Дауыстап оқу формасы келесідей жолмен ұйымдастырылса, студенттің оқу дағдысы дамиды: мақала мен публицистикалық шығармаларды оқуда қиындықтарды болдырмау мақсатында алдымен оқытушы шетелдік баспасөз құралдарынан алынған кейбір таныс емес, күрделі сөздерді, немесе мақаланың атауы, тіпті кейбір абзацтарды дауыстап оқып, таныстырылады.

Мақала мен публицистикалық шығармалардың мәтін алынып, сол мәтін сабақта оқытылу

Егер мақаланы бөлмей арасынан, абзацтары алып тасталынатын болса, мақаланың композициясы бұзылады, әрі мақаладан информация алуға мүмкіндік болмай қалуы мүмкін. Егер, мақаланың мәтіні тыс ауқымды болса, студент сол мәтінді оқып, игере алмайтындығы аңғарылса, мақаланың мазмұнын бұзбайды-ау делінген абзацтарды алып тастауға болады.

Мақала мен публицистикалық шығармалармен жұмысты оңтайландыру үшін алдымен, студенттерге мақала мәтінін бір оқып шығу ұсынылады. Осы арқылы студенттердің баспасөз құралдарынан алынған мәтінді қабылдаудағы жеке ерекшеліктерін анықтауға болады.

Мақала мен публицистикалық шығармалармен жұмыс аяқталғаннан кейін студент келесі критерийлер бойынша жалпы және ауқымды түсініктері қалыптасқан болуы керек:

-Шетелдік баспасөз құралдарынан алынған мақаланың атауы мақала мазмұнына сәйкес келеме?

-Шетелдік баспасөз құралдарынан алынған мақаланың жазудағы басты мотивтер мен себептері қандай?

-Шетелдік баспасөз құралдарынан алынған мақала қандай оқиғаны бейнелеуде?

-Шетелдік баспасөз құралдары бойынша алынған мақаладағы адамдардың іс-әрекеттері қандай?

-Шетелдік баспасөз құралдарынан алынған мақала туралы студенттің жеке өз пікірі бар ма?

Шетелдік баспасөз құралдарымен жұмыста газет-журнал мақалалары атауымен жұмыс.

Студент қолына ағылшын тіліндегі газет-журналды алғанда көзіне бірінші түсетіні газет-журнал сыртындағы мақаланың атауы.

Атау газет-журнал мақаласы туралы мағлұмат беретін маңызды компонент болып табылады. Сол атау арқылы оқырман мақаланы оқу-оқымау туралы шешімді жасайды. Мақаланың атауы – мақаланың не туралы екендігін білдіреді, қызығушылық туындатады [Алиева А.Э. Роль аутентичных текстов в обучении чтению // Достижения науки и образования, 2017. № 4 (17). С. 62-63.].

Мысалы, «New York Post» газетінде мақала атаулары көптеген қиындықтар туындатпайды. Бірақ басқа шетелдік баспасөз құралдарындағы мақаланың атауы өте күрделі сөздермен, метафоралармен толы болғандықтан, көбінесе студенттер мақаланың атауы арқылы мақаланың мағынасын түсінбей жатуы да мүмкін. Сондай-ақ шетелдік баспасөздерде басылатын мақалалар атауы түсінуге қиындау, ол сол тілдің ерекшеліктері, тілдік нормалардың эллипсистермен бұзылуына, қысқартулардың көп қолданылуына, пунктуацияның ерекшеліктеріне байланысты болса керек.

Шетелдік баспасөз құралдары мақалалары атауларының тілдік ерекшеліктеріне келесілерді

1. Синтаксистік құрылымның әртүрлілігі. Мақала атаулары көбінесе бірқұрамдас номинативті сөйлем типінде құралады. Көбінесе мақала атаулары ретінде бүтін қарапайым сөйлемдерден жасалады, бірақ мақаланың атаулары алдын кездеспеу шарты қойылады. Шетелдік баспасөз құралдары мақалалары атаулары күрделі, ұзақ сөйлем ретінде кездеспейді. Көбінесе мақала атаулары сұраулы сөйлем ретінде кездеседі.

2. Эллипсис. Шетелдік баспасөз құралдары мақалаларын көбенесі эллипсисти қолданумен айырықшаланады. Бұл дегеніміз атауға жарқын көзге түсетіндей мағына беру мақсатында танымал сөздерді пайдалануды айтамыз. Нәтижесінде мақаланың атауы өте қысқа сөздерден құралады. Студенттердің қызығушылығын туындатады.

3. Мақала атауындағы сөздердің орналасуы. Баспасөз құралдары мақалаларына назар аударту үшін көбінесе сөйлемнің орны алмасады, сөйлемде тире немесе екі нүктенің көмегімен сөйлем ажыратылады.

2. Мақала атауындағы сөздердің қысқартылуы. Шетелдік баспасөз құралдары мақалаларының басты ерекшелігі – ол мақала атауындағы сөздер мен аббревиатуралардың қысқартылуы. Бұл аталған сөздер мен аббревиатуралардың анықтамасы болмаса мақала атауы түсініксіз халде қалады. Қысқартылған сөздер мен аббревиатураны тек сол мақаланы толық оқып, шығу арқылы ғана мағынасын түсіне аламыз. Сондықтан бұл қысқартылған сөздер оқырманның қызығушылығын туындатады. Нәтижесінде мақала қалай да болса оқылады деген сөз [Муранова Е.В. К вопросу о содержании понятий «языковая компетенция» и «языковая компетентность» // Балтийский гуманитарный журнал. 2015. № 4(13). С.88-91].

Қорытындылайтын болсақ,

1. Оқылым арқылы білім алушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда жаңа сөздермен сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдысына үйрету, коммуникативті әрекеттерге машықтандыру, сөздің логикалығына, шынайылығына, анықтығына қол жеткізу іспеттес шарттарға назар аударылуы да құптарлық. Егер білім алушылар шет тілін меңгеру барысында сөздік қоры мол болса, бір сөзді екінші бір синоним сөздермен оңай алмастыра алса, сөздің астарлы мағынасын ажырата алса, өз ойын немесе өз оқығанын шет тілінде түрлі байытылған сөздермен жеткізе алса білім алушының тілдік құзыреттілігі қалыптасқан деп есептеуімізге әбден болады.

2. Студент оқыған көркем шығармасын немесе оқыған жұмбақ, ертегі, поэзия, проза т.с.с. кез-келген мәтін сөздерінің өзара байланысу ережелерін ұғынуы үшін алдымен сол сөздер туралы ассоциациялы тізбекті құрып, есте сақтауы керек болады. Нәтижесінде келесі бір оқылым барысында сол сөздер қайта кездескенде білімгердің есіне сақталған сөздер қайта жаңғырады, енді осы жолы сол сөздердің синонимдерімен алмастырып, толықтырып, қайта өңдеуіне де мүмкіндік туады. Сондықтан тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың когнитивті тұстарын ескерудің маңыздылығына да көз жеткіздік.

3. Студенттер оқылымның жеке өзіндік оқылым түрлерімен айналысуы үшін түрлі әдістемелік шараларды жан-жақты қарастырудың маңыздылығы өте зор. Өйткені ешкімнің басшылығынсыз, өз қалауымен шет тіліндегі көркем туындыны немесе басқа да мәтінді оқу арқылы студенттің сөздік қоры молаяды, мәтіннің мазмұнына деген қызығушылығы да жоғарылайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Хомский Н. Язык и мышление. М.: МГУ, 1972. 126 с.
2. Гумбольдт В. фон. Язык и философия культуры. М.: Прогресс, 1985. 452 с.
3. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии / пер. с англ.; ред. и вступ. ст. А. Е. Кибрика. М.: Прогресс; Универс, 1993. 656 с.
4. Гаспаров, Б.М. Язык, память, образ. Лингвистика языкового существования/ Б.М. Гаспаров. – М.: Новое литературное обозрение, 1996.
5. А. И. Минина. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ // Вестник ИГЛУ, 2013– № 2(2). – С. 236-241.
6. Карлсон, Ф. Ранняя генеративная лингвистика и эмпирическая методология/ Ф. Карлсон // Когнитивные категории в синтаксисе: кол. монография. – Иркутск: ИГЛУ, 2009. – С. 215-247.
7. Кравченко, А.В. Когнитивный горизонт языкознания/ А.В. Кравченко. – Иркутск: Изд-во БГУЭП, 2008.
8. Алиева А.Э. Роль аутентичных текстов в обучении чтению // Достижения науки и образования, 2017. № 4 (17). С. 62-63.
9. Муранова Е.В. К вопросу о содержании понятий «языковая компетенция» и «языковая компетентность» // Балтийский гуманитарный журнал. 2015. № 4(13). С.88-91.

